**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі**
**РМҚК «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»**

**«БЕКІТЕМІН»**
**Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары**
**______________ Карменова Т.Ж.**
**«29» тамыз 2025 ж.**

# «1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибе»

**бойынша жұмыс оқу бағдарламасы**

**Мамандығы:** 02150700 Хореографиялық өнер
**Біліктілігі:** 4S02150701 «Балет әртісі»
**Оқу түрі:** күндізгі
**Негізі:** бастауыш білім
**Жалпы сағат саны:** 578 сағат
**Әзірлеуші(лер):** ______________ **Сарина Б.Б.**
(қолы) Т.А.Ә.

«Арнайы пәндер» бөлімінің отырысында қарастырылып, ұсынылды
№ 1 хаттама, «28» тамыз 2025 ж.
Бөлім меңгерушісі ______________________________ Медеубаева С.М.

Оқу-әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылып, мақұлданды
№ 1 хаттама, «29» тамыз 2025 ж.
ОӘЖ жөніндегі директордың орынбасары _____________ Ш.Т. Унгарбаева

# Түсіндірме жазба

**Кәсіби тәжірибенің сипаттамасы:** Кәсіби тәжірибе – Александр Селезнев атындағы Алматы хореография училищасының оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және арнайы пәндерді оқу нәтижесінде білім алушылардың меңгерген кәсіби құзыреттеріне негізделеді. «Балет әртісі» біліктілігі бойынша 1–5 оқу жылының білім алушыларына арналған кәсіби-сахналық тәжірибе «Сахналық тәжірибе» бөлімінде өткізіледі.

**«1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибенің» мақсаттары мен міндеттері:**

- классикалық және ұлттық хореографиялық мұралар мен заманауи хореографтардың қойылымдарын меңгеру;
- оқу процесінде алынған білімді бекіту, тереңдету және жүйелеу;
- қажетті практикалық және сахналық дағдыларды, академиялық орындау мәнерін қалыптастыру;
- ансамбльде және жеке орындауда би билеуді үйрету;
- білім алушылардың шығармашылық әлеуеті мен даралығын ашу;
- хореография өнерінің жоғары білікті мамандарын даярлау;
- таңдалған мамандыққа – балет әртісі кәсібіне деген қызығушылықты тәрбиелеу.

Хореография өнерінің ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби тәжірибе үздіксіз түрде, бірінші оқу жылының екінші жарты жылдығынан бастап бесінші жылға дейін оқу жылы бойы жүргізіледі. Тәжірибе күн сайын 17:10-нан 18:30-ға дейін Училищенің Шара Жиенқұлова атындағы оқу театрында және балет залдарында, репетиция кестесіне сәйкес практикалық сабақтар (репетициялар) түрінде өткізіледі.

«1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибе» бағдарламасын меңгеру барысында алынған білім, білік және дағдылар оқу театры сахнасында, сондай-ақ қаланың және елдің шығармашылық ұжымдары мен ұйымдарының сахналарында, академиялық театрларда, түрлі концерт алаңдарында және театр-ойын-сауық мекемелерінде өтетін іс-шаралар мен концерттерде жетілдіріледі.

Кәсіби тәжірибені кезең-кезеңімен жоспарлау мен ұйымдастыру:

- кәсіби құзыреттерді біртіндеп кеңейтуді және әр оқу жылына сәйкес күрделендіруді;
- хореография өнерінің білікті мамандарын – балет әртістерін толық және жан-жақты дайындауды;
- таңдалған мамандыққа деген қызығушылықты қалыптастыруды;
- кәсіби тәжірибені классикалық, тарихи-тұрмыстық, халықтық-сахналық және қазақ биі пәндерімен байланыстыруды қамтамасыз етеді.

Сахналық тәжірибе бағдарламасын меңгеруді ағымдағы бақылауды Александр Селезнев атындағы АХУ-дың көркемдік жетекшісі жүзеге асырады, ал ұйымдастырушылық жетекшілікті кәсіби тәжірибе бөлімінің меңгерушісі атқарады.

«1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибе» бөлімін бағалау критерийлері: шығармашылық жоспарға сәйкес концерттерге қатысу; іссапарлық іс-шараларға қатысу; ҚазҰТОБ Абай атындағы тарихи сахнасында өтетін есеп беру концертінде орындаушылық дайындықты, хореографиялық мәтінді меңгеру деңгейін және қажетті практикалық пен сахналық дағдыларды көрсету.

**Қалыптастырылатын құзыреттер:**

- сахналық тәжірибенің әр кезеңінде алынған қажетті кәсіби орындаушылық дағдыларды, білім мен іскерлікті меңгеру;
- ұлттық мұраға жататын әртүрлі хореографиялық туындылар мен заманауи хореографтардың қойылымдарында көркем, сахналық бейнелерді жасай білу;
- кордебалетте, дуэттерде және жеке орындауда би билей білу;
- білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, даралығын аша білу;
- қазіргі жағдайларға тез бейімделе алатын, жоғары білікті хореография өнері мамандарын даярлау;
- таңдап алынған кәсіпке – балет әртісі мамандығына деген қызығушылықты тәрбиелеу.

**Пререквизиттер:**

- сыртқы сахналық деректері бар: дене пропорцияларының дұрыстығы, сахналық келбет;
- кәсіби (физикалық) деректері бар: аяқтың дұрыс бұрылуы (выворотность), табан иілігі (аяқтың серпімділігі), қадам (созылмалылық), икемділік (арқа икемділігі), секіру қабілеті;
- бастапқы кәсіби дағдыларды меңгерген: корпус, қол, аяқ, бас қалыптарын дұрыс қою және классикалық бидің элементтерін орындау техникасы, хореографиялық оқу орнында алған білімдері;
- музыкалық және би көркемдігін, есте сақтау қабілетін меңгерген;
- хореографиялық мәтіндердің бейнематериалдарымен жұмыс істеу дағдылары бар.

**Постреквизиттер:**

- меңгерген репертуарды сахналық орындауда көрсете білу;
- классикалық, тарихи-тұрмыстық, халықтық-сахналық, қазақ билерін орындау дағдылары мен техникасын меңгеру;
- классикалық мұра туындыларында және заманауи хореографтардың қойылымдарында академиялық орындау мәнерін сақтай отырып, сахналық бейне жасай білу;
- хореографиялық туындыларды ансамбльде де, жеке де орындай білу;
- жұптық бидің бастапқы техникасын және сахнадағы серіктеспен қарым-қатынас мәдениетін меңгеру;
- сахналық және практикалық дағдыларды меңгеру: би суретін сақтай білу, сахналық кеңістікті дұрыс бөлу, ансамбльде хореографиялық туындыны синхронды орындау;
- концерттер мен балет қойылымдарында көпшілік алдында өнер көрсету дағдыларын меңгеру.

**Қажетті оқу құралдары мен жабдықтар:**

- сахна, кәсіби жабдықталған балет залы (айна қабырғасы, станоктар, кәсіби еден жабыны);
- музыкалық орталық, USB порты бар теледидар, бейнеплеер;
- кәсіби ақпараттың мультимедиялық құралдары: классикалық және ұлттық мұра билерінің бейнематериалдары, балет спектакльдері, концерттік бағдарламалар, заманауи хореографиялық қойылымдар;
- қажетті костюмдер мен реквизиттері бар костюмерлік бөлме.

**Оқытушы(лар)дың байланыс ақпараты:**


| | |
|---|---|
| Сарина Б.Б. | Тел.:8 701 9852562 |
| | Эл.пошта: bota-s@mail.ru |

## Сағаттарды бөлу

| Тәжірибенің негізгі бөлімдері | Барлығы сағат | Соның ішінде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | 3 оқу жылы | 4 оқу жылы | 5 оқу жылы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **Сахналық тәжірибе** | **578** | 34 | 136 | 136 | 136 | 136 |

## Жұмыс оқу бағдарламасының мазмұны

| № | Сабақ тақырыптары | Сахналық тәжірибенің мазмұны | Барлығы сағат | Соның ішінде | | Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы | Студенттің өзіндік жұмысы | Сабақ түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Зертханалық-практикалық | Жеке | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | | 8 | 9 |
| | **Тақырып 1.** Оқытушылар қойған нөмірлерді меңгеру | - Бастапқы кәсіби сахналық дағдыларды үйрену және меңгеру:<br>• сахналық кеңістікті дұрыс бөлу;<br>• би суретін (рисунок) сақтау; | | 34 | | | 1. Өтілген концерттік нөмірлердің хореографиялық мәтіндерін қайталау;<br>2. Қосымша әдебиеттерді | Практический |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | • интервалдарды (аралықтарды) ұстау.<br>– Өтілген қозғалыстар негізінде хореографиялық нөмірлерді меңгеру.<br>**1-оқу жылының ұсынылатын репертуары:**<br>1. Э. Григ. «Таң» (*Рассвет*). Хореографиясы Г. Ашимова.<br>2. Халық әні – «Матрос биі» (*Матросский танец*). Хореографиясы: Н. Жұмаліев.<br>3. «Класс-концерттен» «Гимнастика». Хореографиясы М. Тлеубаев.<br>4. П. Смит, Харлайн. «Гномдар» (*Гномы*). Хореографиясы А. Додарходжаева.<br>5. Ш. Буарки. «Патша пингвиндері» Хореографиясы М. Тлеубаев. | | | | оқу;<br>3. Концерттік нөмірлердің бейнематериалдарын қарау және талдау;<br>4. Спектакльдер мен концерттік бағдарламаларды тамашалау. | |
| | **Тақырып 2.** Классикалық мұрадан алынған көпшілік концерттік нөмірлерді және заманауи хореографтардың нөмірлерін меңгеру | – Бастапқы кәсіби сахналық дағдыларды меңгеру және дамыту:<br>• сахналық кеңістікті дұрыс бөлу;<br>• би суретін (рисунок) сақтау;<br>• интервалдарды ұстау;<br>• ансамбльде синхронды орындау.<br>– Көпшілік концерттік қойылымдардың хореографиялық мәтіндерін меңгеру.<br>– Классикалық және ұлттық мұра үлгілерін орындау техникасын жетілдіру. | | 272 | | | 1. Өтілген концерттік нөмірлердің хореографиялық мәтіндерін қайталау;<br>2. Қосымша әдебиеттерді оқу;<br>3. Концерттік нөмірлердің бейнематериалдарын қарау және талдау;<br>4. Спектакльдер мен концерттік бағдарламаларды тамашалау. | Практический |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2–3 оқу жылдарының ұсынылатын репертуары:**<br>1. Ш. Буарки. «Патша пингвиндері». Хореографиясы М. Тлеубаев<br>2. П. Чайковский. Полонез «Жас ұландар балы». Хореографиясы М. Тлеубаев<br>3. П. Чайковский. «Салтанатты дефиле». Хореографиясы М. Тлеубаев<br>4. П. Чайковский. «Pas de trois» «Щелкунчик» балетінен. Хореографиясы В. Вайнонен<br>5. П. Чайковский. «Щелкунчик» балетінен көріністер. Хореографиясы В. Вайнонен<br>6. П. Чайковский. «Бас бармақ бала» («Мальчик с пальчик») «Ұйқыдағы ару» балетінен. Хореографиясы М. Петипа<br>7. Халық музыкасы. Корей биі «Көктемгі әуендері». Хореографиясы Л. Ким<br>8. Л. Минкус. Амурлар «Дон Кихот» балетінен. Хореографиясы А. Горский<br>9. Ц. Пуни. «Pas de quatre». Хореографиясы В. Усманов<br>10. Ф. Яруллин. Балалар биі «Шурале» балетінен. Хореографиясы Л. Якобсон | | | | | | |
| | **Тақырып 3.** Классикалық мұрадан алынған көпшілік концерттік | • көпшілік концерттік қойылымдардың хореографиялық мәтіндерін үйрену және меңгеру;<br>• классикалық және ұлттық мұра үлгілерін орындауда музыкалылық | | 272 | | | 1. Повтор хореографических текстов пройденных сцен из спектаклей и концертных номеров; | Практический |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | нөмірлерді, халықтық-сахналық билерді және заманауи хореографтардың нөмірлерін меңгеру | пен көркемдік өрнекті жетілдіру.<br>**4–5 оқу жылдарының ұсынылатын репертуары:**<br>1. П. Герцель. «Саботшылар биі» (*Танец саботьеров*).<br>Хореографиясы П. Гырнец<br>2. Л. Минкус. Полонез-мазурка «Пахита» балетінен. Хореографиясы М. Петипа<br>3. П. Чайковский. «Салтанатты дефиле».<br>Хореографиясы М. Тлеубаев<br>4. В. А. Моцарт. «Биге шақыру» (*Приглашение к танцу*).<br>Хореографиясы Г. Туткибаева<br>5. И. Штраус – «Вальс-фантазия».<br>Хореографиясы: Г. Ашимова<br>6. Л. Минкус. «Арапша би» (*Танец арапчат*) «Баядерка» балетінен.<br>Хореографиясы М. Петипа<br>7. И. Штраус. Вальс «Экспромт».<br>Хореографиясы Г. Ашимова<br>8. Гольфтшалк. «Тарантелла».<br>Хореографиясы Г. және Г. Габбасовтар | | | | | 2. Чтение дополнительной литературы;<br>3. Просмотр и изучение видеоматериалов концертных номеров;<br>4. Посещение спектаклей, концертных программ. | |

**Білімді бақылау және бағалау. Бағалау критерийлері**

**«1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибе» бойынша сахналық көрсетілімге қойылатын талаптар**

«1–5 оқу жылдарындағы сахналық тәжірибе» бағдарламасын меңгерудің нәтижесі Шара Жиенқұлова атындағы оқу театрының сахнасында шығармашылық жоспарға сәйкес өтетін сахналық көрсетілімдерге/концерттерге қатысу, сондай-ақ қалалық шығармашылық ұжымдар мен ұйымдардың сахналарында өтетін іс-шаралар мен концерттерде өнер көрсету болып табылады.

**Сахналық көрсетілімдерде/концерттерде білім алушылар көрсетуі тиіс:**

- классикалық және ұлттық хореографиялық мұра репертуарын, заманауи хореографтардың қойылымдарын меңгеру деңгейін;
- практикалық және сахналық дағдыларды:
  - ансамбльде би билей алу қабілетін;
  - би суретін (рисунок) сақтай білуді;
  - сахналық кеңістікті дұрыс бөле білуді;
  - би композицияларын синхронды орындауды;
  - академиялық орындау мәнерін;
  - хореографиялық туындыларды музыкалық және көркемдік өрнекпен орындауды.

## Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)

Анықтамасы: Студенттің өзіндік жұмысы – бұл аудиториядан тыс, студенттің өз бетінше дайындалуына бағытталған жұмыс. СӨЖ-дің негізгі міндеттері: студенттердің өздігінен білім алу қабілеттерін қалыптастыру және дамыту; хореографиялық мәтіндердің бейнематериалдарымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

СӨЖ түрлері:

- концерттік нөмірлер мен спектакльдердің хореографиялық мәтінін қайталау;
- концерттік нөмірлер мен спектакльдердің бейнематериалдарын қарау және талдау;
- қосымша әдебиеттер оқу;
- спектакльдер мен концерттік бағдарламаларды тамашалау.

## Әдебиеттер мен оқу құралдары


1. «Классикалық би». №2108 «Балет әртісі» мамандығы бойынша хореографиялық училищелерге арналған бағдарлама (8 жылдық оқу). Мәскеу, 1998 ж.
2. Н. Тарасов. «Классикалық би. Ерлер орындаушылық мектебі». Мәскеу, 1971 ж.
3. В. Костровицкая. «Классикалық бидің 100 сабағы». Ленинград, 1972 ж.
4. В. Костровицкая, А. Писарев. «Классикалық би мектебі». Ленинград, 1976 ж.
5. Н. Базарова, В. Мей. «Классикалық бидің әліппесі». Ленинград, 1983 ж.
6. Л. Д. Блок. «Классикалық би. Тарихы және қазіргі заман». Мәскеу, 1987 ж.
7. С. Н. Головкина. «Жоғары сыныптардағы классикалық би сабақтары». Мәскеу, 1989 ж.
8. А. Я. Ваганова. «Классикалық бидің негіздері». Мәскеу, 2004 ж.

9. А. Мессерер. «Классикалық би сабақтары». Санкт-Петербург, 2004 ж.
10. Н. Тарасов. «Классикалық би. Ерлер орындаушылық мектебі». Санкт-Петербург, 2005 ж.
11. К. Голейзовский. «Өмірі мен шығармашылығы». Мәскеу, 1984 ж.

**Оқытуға арналған техникалық құралдар:**

Академиялық опера және балет театрларының концерттік нөмірлері мен балет спектакльдерінің бейнежазбалары:

1. Ш. Буарки – «Патша пингвиндері», А.Селезнев атындағы АХУ: https://www.youtube.com/watch?v=MYQ6am-iCFw
2. П. Чайковский – Полонез «Жас ұландар балы», А.Селезнев атындағы АХУ: https://www.youtube.com/watch?v=E-1ks7xGnr0
3. Л. Минкус – Полонез-мазурка «Пахита» балетінен, Ваганова атындағы АРБ: https://www.youtube.com/watch?v=N88c6BM5YEM
4. Ф. Яруллин – Балалар биі «Шурале» балетінен, А.Селезнев атындағы АХУ: https://www.youtube.com/watch?v=Ul_aUiAp7BU
5. П. Герцель – «Саботшылар биі»: https://www.youtube.com/watch?v=52ywLiCvtlQ
6. П. Чайковский – «Pas de trois» «Щелкунчик» балетінен, Ваганова атындағы АРБ: https://www.youtube.com/watch?v=9v9Ni8jIUho
7. Л. Минкус – «Арапша би» «Баядерка» балетінен, Михайловский театры: https://www.youtube.com/watch?v=NEflwgs8mLc
8. И. Штраус – Вальс «Экспромт», А.Селезнев атындағы АХУ: https://www.youtube.com/watch?v=p02bzx_o6Hw
9. А. Адан – «Корсар», Мариинский театры: https://youtu.be/NwPOLYG5Ep0
10. П. Чайковский – «Аққу көлі», Мариинский театры: https://youtu.be/tUy8xUyHj5o
11. Л. Минкус – «Дон Кихот», Михайловский театры: https://youtu.be/zrTkqtDYUIM
12. Л. Минкус – «Пахита», Үлкен театр: https://www.youtube.com/watch?v=1adAA2fHbHM
13. Л. Делиб – «Коппелия», Үлкен театр: https://www.youtube.com/watch?v=S5ZjTtxrgJw